



● ПРЕЗИДЕНТ

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің отбасы мен туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтің дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтып, жеделхат жолдады.

«Қабдеш Жұмаділовтің қаламынан шыққан туындылар дәуірдің жүгін, замана келбетін, қоғамның үнін айқын көрсете білген еді. Соның ішінде қиы кезеңді бастан кешкен халықтың тағдырын арқау еткен романдары мемлекет және қалың көпшілік тарапынан жоғары бағасын алды. Қарымды қаламгер еліміздің рухани саласын дамытуға мол еңбек сіңірді. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына өшпес із, сарқылмас мұра қалдырған Қабдеш Жұмаділовтың есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады», – делінген жеделхатта.

● ЕЛБАСЫ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖҰРТ ЖАДЫНДА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қабдеш Жұмаділовтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Елбасы көрнекті қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділовтің өмірден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтып.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Қабдеш Жұмаділовтің қарымды шығармашылығымен, қажырлы қайраткерлігімен қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан аса талантты тұлға болғанын атап өтті.

«Дарабоз дарын иесі өзінің мазмұны бай көптеген әңгімелері мен хикаяттары, кең тынысты эпикалық романдары арқылы ұлттық прозаның өсіп-өркендеуіне өлшеусіз еңбек сіңіріп, қиы замандарда түрлі телеріш көрген қазақ халқының талайлы тағдыры мен тарихын, аумалы-төкпелі тұтас дәуірдің келбетін қапысыз сомдады. Оның соңында қалған кесек туындылары – әдебиетіміздің алтын қорында сақталатын шын мәніндегі құнды рухани қазына.

Алаш жұртының қалтқысыз құрметіне бөленген абзал азаматтың есімі мен жарқын бейнесі жұртшылық жадынан ешқашан ұмытылмайды деп сенемін», – делінген жеделхатта.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, шағын бизнес нарықтық шаруашылықтың бөлінбес бір бөлшегіне айналды. Бұл халықтың әлауқатын арттыру ғана емес, жұмыс көзін құрудың негізі саналады.

Сыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ШАҒЫН НЕСИЕ: ҮЛЕС ҚАНДАЙ, ҮМІТ НЕДЕ?

Елімізде 1,6 млн-нан аса шағын және орта кәсіпкерлік субъекті тіркелген. Олардың санының өсуі ұлттық экономика үлесін де арттырды. Өткен жылы Қазақстанның ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 29,5%-і құрады. Онда қызмет ететіндердің саны – 3 миллион 268 мың адам. Яғни, еліміздегі еңбекке қабілетті әрбір үшінші адам табысын осы саладан тауып отыр.

Сондықтан Қазақстан Республикасындағы шағын бизнесті одан әрі дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылып келеді. Солардың бірі – «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы. 2017-2021 жылдарды қамтитын бағдарлама үш бағыттан тұрады. Бірінші, бағдарламаға қатысушылар техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз етілсе, екінші бағыт жаппай кәсіпкерлікті дамытуға негізделген. Ал үшінші бағытта халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығын дамыту көзделген.

Бағдарламаның жаппай кәсіпкерлікті дамыту деп аталатын екінші бағыты ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда, қала-

лар мен моноқалаларда микрокредиттер мен кепілдіктер беру арқылы кәсіпкерлік бастамаларды қолдауды жүзеге асырып келеді. Сонымен бірге «Жас кәсіпкер» жобасы арқылы жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар берілуде. Бағдарламаға қатысушылар міндетті түрде «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқып шығуы тиіс.

«Еңбек» бағдарламасы бойынша берілетін несиенің тиімділігі ауылдық елді мекен тұрғындарын жігерлендіруде. Сыйақы мөлшерлемесінің төмендігі, жеңілдік кезеңдері, несиені өтеудің икемді кестесі, тиімді кепілдік саясаты, қаржыландыру шарттарының жеңілдігі ауыл бизнесінде жаңа шаруашылықтар құруға және кеңейтуге, өндірістің дамыған деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік береді.

Бағдарлама арқасында қазақстандықтар жаңа дағдыларды игеріп, жұмыс тауып қана қоймай, өз кәсібін де ашуда. Олардың қатарында Сыр елінің тұрғындары да аз емес. Мәселен, Қызылорда қаласына қарасты Қызылөзек ауылдық округінің тұрғыны Бақытжан Әлімбетов осы бағдарламаның игілігін көріп

отыр. Ол аталған бағдарлама басталған 2017 жылы 2,5 миллион теңге несие алған. Соның арқасында иелігіндегі мал басын көбейтіп, шаруа қожалығын құрып, оны аяғынан тік тұрғызған. Көпбалалы отбасы үшін бұл негізгі табыс көзіне айналды.

– «Еңбек» бағдарламасына қатысудың пайдалы екеніне көзім жеткен соң, өткен жылы тағы да бақысқауға бел будым. Нәтижесінде 4 миллион теңге мөлшерінде несие алып, оған 10 бие сатып алдым, – дейді кәсіпкер.

Оның айтуынша, «Еңбек» бағдарламасы аясында шағын несие шарты аса қолайлы. Несие төмен проценттік мөлшерлемеммен беріледі. Бағдарлама бойынша сыйақы жылдық 6%-тен аспайды. Несие 6 жыл мерзімге рәсімдеген ол қазір алты айда бір рет 380 мың теңге көлемінде қайтарып отырғанын жеткізді. Бұдан бөлек, тиісті қарызды өтеуде 12 айға дейін жеңілдік қарастырылған. Айта кету керек, ол екі несие алғандардың алдында «Бизнес-мектеп» оқу курсына қатысқан.

– Мен өз тәжірибемде ісін жанадан бастаған кәсіпкерге мемлекет тарапынан қолдау болатынына нақты көз жеткіздім.

Дер кезінде жасалған жәрдем еңсемді тіктеп, шаруамды жүргізіп әкетуге септігін тигізді. Бес балам бар, мақсатым – оларды аяғына тұрғызу. Беталысым айқын, ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесімді әрі қарай өркендеткім келеді, – дейді кәсіпкер. Белсенді және бастамашыл адам ешқашан жұмыссыз және табыссыз қалмайтынына сенімді. Кәсіпкер «Еңбек» бағдарламасының игілігін басқа да ауылдастары пайдаланып келетінін айтады.

Өткен жылы Қармақшы ауданындағы Ақжар ауылының 17 тұрғыны осы бағдарламаның игілігін пайдаланыпты. Ауылдық әкімшіліктің кәсіпкерлікті дамыту маманы Азамат Орынбекулының айтуынша, 9 адам 6%-тің несие алса, 8 адам қайтарымысыз грантка қол жеткізген. Бұл кәсіпкерлердің барлығына несиенің мақсатты игерілуіне қадағалау жұмыстары жүргізіліп, әрі қарай жұмыс жасауға бағыт-бағдар жасалған. Жеңілдетілген несие мен қайтарымысыз грант алған ақжарлықтар мал басын көбейту, кондитер өнімдерін шығару, құс шаруашылығын құру, тігін цехын ашу бағытында жұмыс жүргізуде.

2-бет

● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНА ЖАРМАСҚАНДАР НЕГЕ АЗ?

Бәлкім, біз қателесіп те отырмыз. Бұны оқып бастаған адам «пәлі, жылқы мінбей не көрініпті, біздің елде мұндайлар баршылық» деп қарсыласуы да бек мүмкін. Оған қарсы жауап та айтпаймыз. Бірақ, бұл мақаланы жазбас бұрын бұрынғы мен бүгінгі салыстырып алдық.

Сы Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Иә, салыстырдық. Ат үстінде өмір сүрген ата-баба салты белгілі. Оны қозғаймыз. Әрі кетсек, 20-30 жыл төңірегіндегі уақытты қаузап көрсек. Бір буын алмасар мұндай кезеңді ширек ғасыр деуші еді. Сол ширек ғасырда атқа мінген ағалар азайып, бала біткен оны сирек көретін болған.


3-бет

● ӨҢІР ӨНІМІ

ТОР ТОҚУ – ТАБЫСТЫ КӘСІП

Жаңақорған кентінің тұрғыны Сейдахмет Сарбасов өткен жылдан бастап рабца-тор өндіру цехын іске қосқан болатын. Цех былтыр 15 мың тоннадан астам өнім өндіріп, шаруасын ширатты.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Бүгінде құрылыс, ауыл шаруашылығы саласына пайдаланатын тор сымға сұраныс жоғары. Стандарт ұзындығы 10 метр бір орама болады. Ал, биіктігі 50 сантиметрден 2 метрге дейін тоқылады. Қазір цехта қызу жұмыс жүріп жатыр. Жұмысшылар ауданда салынып жатқан құс фермасына 2000 метр тор сым тоқуда.

Кәсіпкердің цехы ауласында орналасқан. Екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Цехқа қажетті құрылғыны Ресейден өз қаражатына алдырған. Автоматтандырылған станоктың тиімділігі зор. Қажетті өлшемді құрылғының смарт экранына орналастырсаңыз болғаны, әрі қарай өзі тоқып шығады. Ал,

шикізатты, яғни сымды Алматыдан тасымалдайды.

– Кәсіпті қолға алмас бұрын әбден зерттедім. Іздедім. Автоматтандырылған станокты өзім барып әкелдім. Мамандардан пайдаланудың қыр-сырын толық меңгеріп қайттым. Қазір нәтиже жаман емес. Өнімге тапсырыс берушілер көп. Жұмыс күнделікті жүріп тұр. Тұрмыстық жағдайда тор сым ораманы көп қолданады. Қарапайым тауық қораны да тор сымнан жасайтын болғандықтан, кейде тапсырысқа үлгере алмай жатамыз. 8 сағатта 200 метр немесе 20 орама сымды тоқып үлгереміз, – дейді Сейдахмет Сарбасов.

Биыл кәсіпкер қосымша

жиһаз жасау цехын іске қосты. Осы жұмысты жандандыру үшін мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрді. Қайтарымысыз грант жеңіп алды. Арнайы мамандарды шақырып, жұмысшыларды оқытты. Жергілікті халықты өз өнімімен қамтамасыз етіп отырған еңбекқор азамат кәсібін одан әрі дамытуды көздейді.

Отандық өнімнің дамуына үлес қосып жүрген Сейдахмет жергілікті кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндіктердің де бар екенін жеткізді. Тек шынайы ниет пен талап болса, жергілікті өнім өндірушілер қатары арта беретініне сенімді. Расында, сауда сөрелерінде тек отандық тауардың самсап тұрғаны қандай жақсы.



Ордалы
30
жыл


6 СӘУІР

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы Канадамен, Палестинамен дипломатиялық қатынастарды орнату туралы ноталар алмасты.
- 1993 жылы Нұрсұлтан Назарбаев пен «Шеврон» (АҚШ) мұнай корпорациясының басқарма төрағасы Кеннет Дерр «Теңіз-шевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойды.
- 2006 жылы «Эйр Астана» авиакомпаниясы «Алматы-Қарағанды-Алматы» бағыты бойынша тікелей рейс ашты.
- 2011 жылы Алматыда «Кенесары» қоғамдық қоры мен режиссер Марат Қоңыров қысқаметражды «Кенесары хан» деректі фильмін түсіруге кірісті.
- 2014 жылы Ұлыбританияда Қазақ әдебиетінің апталығы өтті, оның барысында белгілі қазақ драматургі Дулат Исабековтің туындысы алғаш рет ағылшын тілінде ұсынылды.
- 2015 жылы «Нұрлы жол» жаңа экономикалық белдеуі аясында Каспийде Құрық портында паром кешенінің құрылысы басталды.
- 2015 жылы әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары алғаш рет бериллий алу технологиясына АҚШ-тың екі патентін иеленді.

7 СӘУІР

- 2000 жылы ақын Олжас Сүлейменовтің «Жазу тілі» кітабы жарық көрді. Бұл еңбек зерттеушінің «1001 сөз» этимологиялық сөздігіне дайындық ретінде жазылды.
- 2005 жылы әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде қазақтың алғашқы кәсіби журналистикасы мен баспасөзінің негізін қалаушылар, Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының мүсін-барельефінің ашылу рәсімі өтті.
- 2009 жылы елордада 1995 жылы тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан Қазақстан Республикасы Ішкі әскерінің 17 жауынгеріне арналған Еске алу аллеясы ашылды.
- 2010 жылы Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунды бірінші дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі Өкімімен Нәлібаев Нұрлыбек Мәшбекұлы Премьер-Министр Кеңесі Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Осыған байланысты ол облыс әкімінің өкімімен Қызылорда қаласы әкімі лауазымынан босатылды.

Өткен сенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Нұрлыбек Нәлібаевтың жаңа қызметіне сәттілік тілеп, оған Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыс-тады.

– Нұрлыбек Мәшбекұлы 2013 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Елбасының, Мемлекет басшысының, Үкімет және аймақ басшыларының қолдауымен Қызылорда қаласы әкімі қызметінде абыройлы еңбек етіп, қаланың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына үлесін қосты. Соңғы 8 жылда 194 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Жол құрылысын дамытуға 30 млрд теңгеге жуық қаржы тар-тылып, 840 шақырымды құрайтын 1 177 көше жөнделді. 8 мектеп, 21 балабақша, 3 мәдениет үйі, 131 спорттық ойын алаңы салынды. 1,5 млрд теңгеге жуық қаржыға 31 әлеуметтік нысанға күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүр-гізіліп, қайта жаңғыртудан өткізілді, – деді облыс әкімі.

Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов Нұрлыбек Нәлібаевтың қаланың дамуы-на қосқан үлесінің зор екендігін ай-тты. «Ол басқарған Шиелі ауданы мен Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы көптің көз алдында деді. Ал, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов Нұрлыбек

Мәшбекұлының аймақтың өркен-деуіне үлкен үлесі барын айтып, жаңа қызметіне тілектестік біл-дірді.

Мәжілісте Нұрлыбек Нәлібаев қала басқару ісінде қолдау көр-сеткен аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова мен әріптестеріне алғыс айтты.

– Мен өз қызметімде арқашан сіздердің қолдауларыңызға сүйен-дім. Маған үлкен жауапкершілік жүктедіңіздер. Сыр халқының

еңбек ете бермекпін. Қала тұрғындарына, барша әріптестеріме ризашылығымды білдіремін, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мұнан соң өңір басшысы қала активіне қатысып, Нұрлыбек Нәлібаевтың жұмысына оң бағасын берді. Қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев Нұрлыбек Мәшбекұлына «Қызылорда қала-сының Құрметті азаматы» атағын табыстап, қала депутаттары атынан алғыс білдірді. Жиында ҚР Еңбек



береке-бірлігінің арқасында ұзақ уақыт облыс орталығында қызмет істеп, елдің, басшылардың демеушілігінің біріккен жұмысы арқылы нәтижелерге қол жеткіздік деп ойлаймын. Жаңа қызметте де елдің, туған жердің гүлденуіне

сіңірген қайраткері Тұрғанбай Маханов, ақын Шакиззада Әбдікәрімов, мемлекет және қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев Нұрлыбек Нәлібаевтың атқарған жұмысына алғыс айтып, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

● БРИФИНГ

ЕҢ ДҰРЫСЫ – ЕКПЕ АЛУ

1 ақпаннан бастап екпенің алғашқы 1000 дозасы өңірге жеткізіліп, алғашқы кезеңде ол медицина саласының қызметкерлеріне, педагогтар мен полиция қызметкерлеріне салынды.

Деректерге сүйенсек, бүгінге дейін коронавирус ин-фекциясына қарсы екпенің I компоненті 7119 адамға, II компоненті 2623 адамға егілген. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқарма-сының басшысы Сәбит Па-зылов өңірлік коммуника-циялар қызметінде өткен брифингте хабарлады.

Басқарма басшысының ай-туынша, вакцинациялау №1, 3, 4, 5, 6 қалалық емханаларда және барлық аудандарда, сонымен

қатар Байқоңыр қаласында жүргізілуде. Ол үшін алғашқы медициналық-санитарлық кө-мек мекемелерінде 14 егу кабинеті дайындалған.

– Өңірге 1 сәуір күні қо-сымша вакцинаның тағы 12000 дозасы келді, екпе жұмыстары жалғасуда. Айта кету керек, вакцина тасымал-дауда қажетті ұстаным бар. Барлық екпе талапқа сай, температуралық режимді қа-дағалайтын арнайы көлікпен жеткізілуде. Инфекцияға қар-

сы егу Денсаулық сақтау ми-нистрлігінің бастамасымен «Спутник V» ресейлік вак-цинасының кепілдік берілген көлемін бөлу жөніндегі келісім негізінде және ерікті түрде жүргізілуде, – деді Сәбит Па-зылов.

Жиында денсаулық сақ-тау саласының ардагері Тұр-ғанбай Маханов қазір екпені ем дейтіндер мен пайдасы кем дейтіндердің таласы тоқ-тамағанын, алайда алдын алу шараларына бейжай қарауға болмайтынын еске салды. Индеттің алдын кесуде қы-рағылық танытып, тұрғын-дарды сақтық талаптарын ат-тамауға шақырды.

ЭПИЗООТИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Аймақта республикалық бюджет есебінен 6 мыңнан астам ветеринариялық препарат кезең-кезеңімен әкелініп жатыр. Нақты кезеңде оның 4 мыңға жуық дозасы келді. Қазір эпизоотиялық ауруларға қарсы екпе егу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл туралы өңірлік комму-никациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ветери-нария басқармасының басшы-сы Ерсултан Апетов мәлімдеді. Өткен жылы тіркелген жо-ғары патогенді құс тұмауы ау-руының алдын-алуға қажетті ветеринариялық дәрі-дәрмек-тер де бөлініп отыр.

– Былтыр еліміздің кей-бір аймақтарында жоғары патогенді құс тұмауы ауруы тіркелуіне байланысты іс-ша-ралар жоспары бекітіліп, соған

сәйкес облыста да жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда 67,5 мың үй құсына екпе егу жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса, биыл бруцеллез ауру-ына қарсы 125,5 мың бас ірі қара, 77,4 мың бас уақ мал диагностикалық тексеру-ден өтті. Нәтижесінде 9 бас ірі қара, 20 бас уақ малдан ауру анықталды. Барлығы ве-теринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес сойылды. Айта кететін жайт, бруцеллез ауруына шалдығып, сойылған

малдың иелеріне өтемақы төленеді, – деді ол.

Брифингте басқарма бас-шысы ауыл шаруашылығы жа-нуарларын бірдейлендіруге қажетті жұмыстардың жүргізі-ліп жатқанына да тоқталды. Қазіргі күні дерекқор жүйесіне 362,9 мың бас ірі қара, 723,4 мың бас уақ мал, 170,1 мың бас жылқы, 51,9 мың бас түйе және 1,4 мың бас шошқа тір-келген.

Айта кетейік, әртүрлі жүк-палы және паразитарлық ауру-лардың алдын алу мақсатында 6714 бас қаңғыбас ит пен жа-байы мысық ауланып, жой-ылды. Жалпы, нақты кезеңде облыста эпизоотиялық ахуал тұрақты.

«СБ» ақпарат

● ЖӘРМӨҢКЕ

ТАЛҒАМҒА САЙ ТАЗА ӨНІМ

Өткен сенбі күні облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі болды. Бұған аймақтағы жеті аудан мен қаладағы шаруалар 250 тонна өнім әкелген. Барлық тауар түрі нарықтағы бағадан арзанға түсті.

Қаладағы Астана даңғылының бойын-да өткен жәрмеңкеге 100-ге жуық жүк көлігі келіпті. 60 тоннадан астам күріш, 8 тонна ет, 60 тоннадай картоп, 70 тон-на көкөніс пен жеміс-жидек, 5 тоннадан астам сүт өнімдері, 15 тоннадай балық түрі және 10 тоннаға жуық малазықтық жем-шөп сатылған.

Көктем басталғалы жәрмеңкені екінші рет өткізіп отырымыз. Басты-сы, мұнда табиғи таза өнім. Сондықтан сұраныс жоғары. Шаруалар да өз өнімдерін еш делдалсыз саудалады. Көкөніс, жеміс-жидек, күріш, ет, балық және сүт өнімдерінің барлық түрлері болды. Жәрмеңкеге кәсіпкерлер де үлес қосты. Өнімдерін өз бағаларында халыққа ұсынды, – дейді облыстық ауыл

шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Бір ғана мысал, Қазалы ауданынан келген шаруалар 12 тонна таза ауыл өнімдерін әкеліпті. Сондай-ақ, 17 бас қойды тұтынушылар арзан бағада алып қалған. Әсіресе жәрмеңкеде «РЗА» АҚ-ның сүт өнімдері, ЖК «Н.Қазбергеновтің» «Қазалы» конфеті және балық пен етке қызылордалық тұрғындардың қызығушылығы көп болды.

Айта кету керек, жәрмеңкеге жылдағы дәстүрмен жаппай ағылатын қала тұрғындары өз қажеттерін қалағанша ала алатын мұндай шараларға риза-шылықтарын білдіруде.

«СБ» ақпарат



ШАҒЫН НЕСИЕ: ҮЛЕС ҚАНДАЙ, ҮМІТ НЕДЕ?

А.Орынбекұлы биылғы жылы да ауылдың 17 тұрғыны «Еңбек» бағдарламасының мүмкіндігін пайдалануға ниетті екенін жеткізді.

Айта кету керек, Қызылорда облысында өткен жылы 40 мыңға жуық адам «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысты. Олардың жартысына жуығы жұмыссыздар, 6 мыңға жуығы өзін жұмыспен қамтығандар, 7,3 мыңы жұмыс іздеушілер және 1,6 мыңнан астамы кәсіптік-техникалық оқу орын-дарында оқушылар, студенттер, зейнеткерлер.

Облыстық кәсіпкерлік пала-тасының кеңесшілері 2020 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 1785 кәсіпкерлік субъектісіне 1677 қызмет көрсеткен. Оның ішінде онлайн түрінде – 576, оффлайн түрінде 1209 қызмет көрсетілген. Мұнымен қоса, 4075 тұлғаға кеңес берілген. Нәтижесінде «Бизнеспектеп» оқу курсы 801 тұлға оқып шықты. Оқуға қатысушылардың 54 жобасы жалпы сомасы 172,4 млн теңгеге қаржыландырылды.

«Бастау» жобасы өткен жыл-дан бастап онлайн өткізілуде. Жоба аясында облыс бойынша 2150 адамды оқыту жоспарланған болатын. Қорытындысымен 2181 азамат сертификат алды. Жоба аясында оқыған азаматтардың ішінде жалпы сомасы 422,1 млн теңгені құрайтын 746 қызылордалықтың жобасы қаржыландырылды. Оның 411,2 млн теңгені құрайтын 741 жобасы мемлекеттік грант есе-бінен қаржыландырылса, 10,9 млн теңгені құрайтын 5 жоба мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жеңілдетілген несиеге қол жеткізді.

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметі бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарында аймақта жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5,1%-ке ұлғайып, 48657 бірлікке жетті. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 96 мың адамды, жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 18%-ті құрады. Өндірілген өнім көлемі – 390 млрд теңге. Пандемия жағдайының өзінде кәсіпкерлерді

қолдау шараларының қарқыны бәсеңдемегенін атап өту қажет.

Микрокредит беруді ұлғайту үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына әртүрлі көз-дерден 1,9 млрд теңге тартылған. Инвестициялық орталық 2020 жылы 1,3 млрд теңгеге 251 жобаны несиелендірді. 2020 жылы екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнеске 28,3 млрд теңге, оның ішінде кәсіпкерлік саласындағы «Еңбек» жол картасы-2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Жеңілдікпен несиелендіру», «Даму-Сырдария» бағдарламалары аясында 473 жобаны іске асыруға 20 млрд теңге берді.

«Еңбек» мемлекеттік бағдар-ламасы аясында шағын несиелер-ге 3,3 млрд теңге қаржы қаралып, 2020 жыл ішінде 825 жоба қаржыландырылды. Сондай-ақ, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында шамамен 2,8 млрд теңге қайтарымсыз гранттар 4770 жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматқа табысталды.

Осы жылы шағын және орта

бизнесті қаржылай қолдауға бюд-жеттен 6,2 млрд теңге бөлініп отыр. Атап айтқанда, «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға 2638,5 млн теңге бөлінді. Оның ішінде «Даму» қорына 1278,75 млн теңге аударылды. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша облыста кұны 4,7 млрд теңгені құрайтын ШОБ субъектілерінің 370 жоба-сы субсидияланды. Сондай-ақ, 4,7 млрд теңге жалпы несие сомасына 436 жоба кепілдендірілді, бұл рет-те кепілдік сомасы 2,5 млрд теңгені құраған.

Қазіргі уақытта кепілдендіруге бөлінген қаражаттың толық игерілуіне байланысты бюджет-тен қосымша қаражат қарастыру қажеттігі туындап отыр. Кәсіпкерлік және туризм басқармасы салалық басқармаға 900 млн теңге, оның ішінде субсидиялауға 300 млн теңге, кепілдендіруге 600 млн теңге мөлшерінде қосымша қара-жат бөлуге бюджеттік өтінімдер жіберді. Ал мемлекеттік грант-

тар беру жөніндегі конкур-сты өткізу мамыр-маусым ай-ларына жоспарланған. Жалпы, қарастырылған қаражат екінші жартыжылдықта игеріледі.

«Еңбек» мемлекеттік бағдар-ламасы шеңберінде микрокредит беру үшін республикалық бюджет-тен 1278,5 млн теңге көзделген. Оның ішінде, ауыл тұрғындарына 1 млрд теңге, қала тұрғындарына 278,5 млн теңге қаралған Бірінші тоқсанның қорытындысы бой-ынша 17 адам 59 млн теңге не-сие алды. Шағын несие беруді көбейту үшін жергілікті бюджет-тен «Қызылорда» өңірлік инвес-тициялық орталығына 300 млн теңге бөлінді. Кәсіпкерлердің жобаларын қаржыландыруға ар-налған байқау кеңесі осы сәуір ай-ында өткізілмек. Жалпы, бөлінген қаражат аясында, кем дегенде, 15 жобаны қаржыландыру жоспарла-нуда.

Қысқасы, қолдау шаралары нәтижесінде өңірімізде жұмыспен қамтылған, кәсіп бастаған тұр-ғындар саны арта түсетіні анық.



ДЕРЕКТЕР ҚОРЫНЫҢ ҚҰЛПЫ БЕРІК ПЕ?

Сәуірдің 4-і күні хақерлік фо-рум қолданушыларының бірі Facebook әлеуметтік желісінің 106 елден 533 милли-оннан аса қолданушысы туралы мәліметтер базасын жариялады. Желіде Мысыр елінің 44 миллион, Тунистің 39 милли-он, Италияның 35 миллион, АҚШ-тың 32 миллион, Сауд Арабиясының 28 миллион, Марокко, Түркия, Францияның 19 милли-он, Ирактың 17 миллион, Мексиканың 13 миллион, Ұлыбританияның 11,5 миллион, Ресейдің 10 миллион тұрғынының мәліметі тарап кеткен. Оның ішінде, әлеуметтік желіге тіркелген 3 миллионнан аса қазақстандық қолданушының деректері де бар. Желіге қолданушылардың толық аты-жөні, локация-сы, туған күні және басқа да мәлімет тараған.

Мәліметтер тарап кеткенін алғаш бо-лып Hudson Rock компаниясының са-рапшылары анықтаған. «New York Post» газетінің мәліметінше, желіде Facebook компаниясының негізін қалаушы Марк Цукерберттің де телефон нөмірі тарап кет-кен.

Ал Hudson Rock компаниясының кибер-қауіпсіздік бойынша техникалық директоры Элон Гэл алаяқтар желіде тараған мәліметті пайдаланып кетуі мүмкін екенін айтады.

– Facebook қолданушыларының теле-фон нөмірлері деген секілді жеке деректері бар осындай көлемдегі мәліметтер базасын алаяқтар әлеуметтік инженерия арқылы шабуыл жасау немесе бұзу әрекеттері үшін пайдалануы мүмкін, – деді ол.

Ал ресейлік сарапшылардың айту-ынша, мәліметтердің жария болуы банк есепшотындағы ақшаны ұрлау үшін жеткіліксіз. Бірақ алаяқтар мұны өз ісіне пайдалануы мүмкін.

– Базаға қолы жеткен адам дүкендер мен банктардың, сақтандыру компанияларының атынан клиенттерге қоңырау шалуы да ықтимал. Егер хабарласқан алаяқ екені байқалса, оның айтқанына ермеңіз. Мәселен, «Банктен едім» деп телефон шалған адамға «кейінірек өзім хабарласам» деп телефонды сөндіре салыңыз, – дейді сарапшылар.

Еліміздің мемлекеттік техникалық қызмет өкілдерінің сөзіне қарағанда, қазақстандық қолданушыларға қатысты 3 214 990 жол көлеміндегі мәлімет – аты-жөні, телефоны, ел/тұрғылықты қаласы, жұмыс орны және оқуы көрсетілген ақпарат жария болған. Мамамдар Facebook, Instagram, ВКонтакте, Одноклассики және басқа да әлеуметтік желілердегі парақшалардың пошта жазығын қауіпсіз қылға, барлық құпиясөзді өзгертуге, сенімсіз кілтсөздер қолданбауға, әлеуметтік желіде жеке мәліметтерді, дәлірек айтқанда, паспорт, банк картасы және басқа да маңызды құжаттардың фотосуреттерін жарияламауға кеңес береді.

LG ТЕЛЕФОН ШЫҒАРУДЫ ТОҚТАТТЫ

LG Electronics Inc. (LG) компаниясы өзінің ұялы байланыс бөлімшесінің жабылатыны туралы жариялады. Шешім директорлар кеңесінде қабылданды.

«Компанияның мобильді телефон секторындағы бәсекелестік өте жоғары ор-тадан шығуы электромобиль компоненттері, «ақылды үй», робототехника, жасанды ин-теллект сияқты салаларға ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік береді» деп жазылған LG сайтында.

LG компаниясының қазіргі телефо-нары сатылымға бұрынғыдай шығарыла береді. Қолданыстағы мобильді өнімдердің клиенттеріне сервистік қолдау және бағдар-ламалық жасақтама жаңартуларын ұсынады. LG ұялы телефон бизнесін тоқтату кезін-де жеткізушілермен және серіктестермен ынтымақтасады. Жұмыспен қамтуға қатысты мәліметтер жергілікті деңгейде анықталады. LG өзінің мобильді тәжірибесін қолдануды және бизнестің басқа салаларында бәсекеге қабілеттілікті одан әрі арттыру үшін 6G сияқты ұтқырлыққа байланысты техноло-гияларды дамытуды жалғастыра береді. LG мобильді бизнесінің жиырма жыл ішінде жасалған негізгі технологиялары да сақталып, қолданыстағы және алдағы өнімдерге де қолданылады.

Ұялы телефон бизнесін қысқарту 31 шілдеге дейін аяқталады деп күтілуде, дегенмен, кейбір қолданыстағы модельдердің құрал-жабдықтары әлі де қолжетімді болуы мүмкін.

АЛАУ ОСАҚАДАН АСА АЛМАЙ ТҰР

Жапонияның Осака қаласында болуы тиіс Олимпиада алауы эстафетасының сек-циясы коронавирус жұқтырушылар саны күрт өсуіне байланысты тоқтатылды. Бұл ту-ралы ресми тұлғалар мәлімдеді.

Жалпыұлттық эстафета басталғалы бір аптадан соң, Олимпиада ойындарына деген қорынысты арттыруға бағытталған іс-шара қорынавирусқа байланысты қиындықтарға тап болды. Осака губернаторы Хирофу-ми Йошимура префектура үкіметі қала тұрғындарынан үйден шықпауды сұрайды.

Айта кетер жайт, 14 сәуірде Осака-да өтетін салтанатты шарада Олимпиада ойындарының ашылуына дейін 100 күнді са-нау кезінде көрермендер болмайды.

Осакада бір ай бұрын префектура-да төтенше жағдай жойылғаннан кейін COVID-19 инфекцияларының өсуі байқалды. Бейсенбіде инфекция жұқтырудың 616 жаңа жағдайы расталды, 16 қаңтардан бастап коронавирусқа шалдыққандар саны алғаш рет 600-ден асты.

Олимпиада алауы Жапонияның барлық 47 префектурасын қамтиды. 121 күндік шара 25 наурызда Фукусима префектурасында басталған еді.



БАСПАНАЛЫ БОЛУ БІР БАҚЫТ

Үйің болмай, күйің болмас. Қазалыда баспана мәселесін шешуде бірқатар жұмыс жүзеге асырылуда. Тек өткен жылдың өзінде 2,9 млрд теңгеге 15 нысанның құрылысы жүргізілсе, 10 нысан пайдалануға берілген. Оның ішінде аудандық әкімшілік ғимараты, Ақсуат ауылындағы балабақша мен клуб, Қазалы қаласынан көлемі 81 гектар жер учаскесіне жолдар салу, 18 пәтерлік көпқабатты тұрғын үй құрылысы бар.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Оған қоса «Аймақаш» тұрғын ауданын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, Ғ.Мұратбаев елді мекеніне газ тарту, Бекарыстан би ауылындағы тұрғын үйлерге сервистік ауызсу желілерін жүргізу, Әйтеке би кентінде көліктік-логистикалық орталық инфрақұрылымын қамтамасыз ету және осы кентте бірқабатты 4 пәтерлік 10 тұрғын үй құрылысын айтуға болады.

Бұл жұмыстардың өздігінен бітпегені, қыруар еңбекпен келгені білініп тұр. Басталған шаруаның аяқсыз қалмауы көпшілік көкейіне сенім ұялтады, бұл тұрғыда ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс бар екен.

Бұған дейін құрылысы басталған 600 орындық мәдениет үйі, ауысымына 250 келушіге

арналған емхана, Қазалы қаласын газдандыру және Жан-қожа батыр мен Майдакөл елді мекендеріндегі тұрғын үйлерге сервистік ауызсу желілерін жүргізу жұмыстары жүріп жатыр. Аталған жұмыстардың барлығы да биыл аяқталады деп жоспарланыпты.

Біз мамандарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жайлы сұрақ қойған едік.

– Аудан орталығындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналып отыр. Тұрғындардың жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін бөлу жөніндегі сұраныстары жылдан-жылға өсіп келеді. Қазір 11 мыңға жуық тұрғын кезекте тұр. Сондықтан, осы мәселе-



лерді шешу мақсатында ауданда 2 қоныстану аймағы Қазалы қаласынан 180 гектар, Әйтеке би кентінің «Аймақаш» шағын ауданынан 14 гектар жер игеріледі. Кейінгі 3 жылдың ішінде аудан бойынша тұрғындарға 1738 жер учаскесі табысталды, – дейді мамандар.

Ауданда баспана мәселесін

шешу үшін көптеген жоба қолға алынған. Мәселен, өткен жылы Әйтеке би кентінен 4 пәтерлі 10 тұрғын үй салынғаны оқырмандарға мәлім. Ал биыл баспана мәселесін шешу үшін жалға берілетін үйлерді сатып алуға 294 млн теңге қаржы қаралған. Бұл қаржыға көлемі 60 шаршы метрден кем бол-

майтын 35 тұрғын үй сатып алынбақ, Оған қоса «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасымен Қ.Пірімов ауылынан спорт кешенін салу үшін қаржы қарастырылуда.

Жалпы, аудандағы барлық ауылдардың түйінді түйткілдерін кезекімен шешу қаперге алынған. Өткен жылдың өзінде Ақсуат ауылындағы апатты жағдайдағы балабақша мен клуб салынып, жаңа заманауи ғимаратқа көшірілген.

Қазалы ауданаралық ауруханасы мұнан бірнеше жыл бұрын жаңа ғимаратқа қоныс-танғаны, озық үлгідегі нысанның келушілер көңілінен табылғаны жеткізе кетсек. Осынау еңселі де әсем ғимаратта заманауи «Ангиограф» аппаратымен жүрек-қан тамырларына ота жасалуда.

Өткен жылы «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы бірнеше мектеп пен балабақша ғимараттары құрделі және орташа жөндеуден өткізіліп, «Шағала» лагерінің асханасы мен жатақханасы жөндеді. Бұл жұмыстар был да өз жалғасын табатын болады. Ең бастысы, тұрғындар тарапынан көтеріліп келген ұсыныс қолдау тауып, бұрынғы №170 мектептің орнына 250 орындық мектеп салынатын болды.

ЖОБА

2021 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2020 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2021 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары бекітілсін.

2. «Тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған

субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №26 қаулысының (нормативтік тіркеу Тізілімінде 7407 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде 2020 жылғы 1 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жаханова жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Г. Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрілігімен

Қаулы жобасының қосымшасы <https://kyzylorda-news.kz/> ақпараттық порталында жарияланды

ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНА ЖАРМАСҚАНДАР НЕГЕ АЗ?

Малды машинамен бағамыз

Мақала осы жайлы болатын. Атқа міну дәстүрінен алысқа кеткен біздің халықтың бұған сылтауы не? Жылқы жоқ емес қой. Саралап көрейік.

Атақестіптен ажырамаған бұрынғылардың ізін қуған қазіргі буын, шүкір, мал басын көбейтуге күштар. Бірақ, кейбір оқығандардың пікірінше, қазіргі қазақтың мал бағудан қыры кеткен. Мал бақпақ түгілі, атқа отыратын қазақты да сирек көресіз. Осылай дейді. Кей-кей жерін мойындағанмен, төрт түлікті көбейтіп, ата дәстүрден қол үзеуге тырысып баққандар бар.

Бір көрген жайт. Осыдан көп жыл бұрын ауылдағы қазақтың үйінде бір-бір жылқы тұратын. Байлауда тұрған бұны мініс ат дейтінбіз. Осымен сыртта жайылатын малын қарайтын. Түгелдейтін, қажетін ауылға айдап әкеліп, сойысқа жарататын.

Қазір мүлде басқа. Атқа мініп, мал қайыру тұрмақ, қой кезектің өзін көлікпен бағатындай бар. Жылқыны қарауға да машина не мотоцикл жақсы болып тұр. Жеңіл осы дейді малшы қауымның өзі де. Айылын тартып, атқа мінгеннен, әп-сәтте «желдіріп» өте шығар техниканы түір көреді қой. Бұл да дұрыс шығар.

Атқа мінудің пайдасын бұрынғылар әбден білген бе?! Қарлы боранда адасып, ат үстінде сіздің ағзаның еш дәрі-дәрмектің көмегісіз, ұдайы аурумен өзі күресе береді. Жылқы сүтінің бойында 28 түрлі дәрумен бар екен. Саумал мен қымыздың, шұбат, жалпы, ағарғанның құдіреттілігі осында, – деп ақтарылған ғылым кандидаты.

Осы Дәулет аға – қаланың қақ ортасында бие ұстап, саумал мен қымызды қатар ішіп отырған қазақ. Әңгіме әрі қарай жалғасқан. Жылқы жайын бір адамдай білетін кейіпкеріміз «ар қазақ атқа мініп жүрсе» деп те армандайды.


– Үйдегі биелерден бөлек, сыртта бәйге аттарым да бар. Сенсең, бәйге кезінде соған отырғызатын бала таппаймыз. Атқа отырып дағдыланбаған. Баланы не деп кінәлаймыз, үлкендеріміздің өзі атқа отырудан қалған. Темір көлік көбейгелі жылқы жануары шеттеп қала берді ғой. Жоқ емес, біздің облыста да оны көбейтіп отырған жігіттер жетерлік. Бірақ, мініске пайдаланбаймыз. Ұдайы далада. Бірен-саран көкпар мен бәйгені әуес қылғандар болмаса, мал шаруашылығымен айналысатынның біразы малын машина не мотоциклмен қарайды. Солай. Көлікпен түгелдеп, сай мен жыраның арасын сүзіп жүргені. Заманға бейімделу шығар, бірақ, атқа мінген ар қазаққа рух пайда болады. Екіншіден, ат үстінде барлық дене мүшесі қозғалып, қан айналым жақсарайды. Денсаулыққа деген пайдасын мінгенде байқайсың, – дейді Дәулет Ибрагимов.

Ғылым кандидатының айтуынша, атқа міну – кәдімгі массаж.

Жылқы мінген аурудан жығылмайды

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтының облыстық филиал меңгерушісі Дәулет Ибрагимовпен пікірлескеніме мынадай дерек айтқан.

– Пандемия басталып ауру қозып, барлығы саумал іздеп кетті. Дәрі ретінде іздеді бұны. Кез келген адам ауырғанда иммунитет қоры түгесіледі. Негізгі бұл саумал дегеніміз бірден аурумен күреспейді. Тек біздің иммундық қорымызды көбейтеді. Дұрыс түсіндірдім бе, егер сіз ауырған



жағдайда саумал не қымыз ішкен кезде сіздегі жетіспеуші витаминді толықтырады. Сол кезде сіздің ағзаның еш дәрі-дәрмектің көмегісіз, ұдайы аурумен өзі күресе береді. Жылқы сүтінің бойында 28 түрлі дәрумен бар екен. Саумал мен қымыздың, шұбат, жалпы, ағарғанның құдіреттілігі осында, – деп ақтарылған ғылым кандидаты.

Осы Дәулет аға – қаланың қақ ортасында бие ұстап, саумал мен қымызды қатар ішіп отырған қазақ. Әңгіме әрі қарай жалғасқан. Жылқы жайын бір адамдай білетін кейіпкеріміз «ар қазақ атқа мініп жүрсе» деп те армандайды.

– Үйдегі биелерден бөлек, сыртта бәйге аттарым да бар. Сенсең, бәйге кезінде соған отырғызатын бала таппаймыз. Атқа отырып дағдыланбаған. Баланы не деп кінәлаймыз, үлкендеріміздің өзі атқа отырудан қалған. Темір көлік көбейгелі жылқы жануары шеттеп қала берді ғой. Жоқ емес, біздің облыста да оны көбейтіп отырған жігіттер жетерлік. Бірақ, мініске пайдаланбаймыз. Ұдайы далада. Бірен-саран көкпар мен бәйгені әуес қылғандар болмаса, мал шаруашылығымен айналысатынның біразы малын машина не мотоциклмен қарайды. Солай. Көлікпен түгелдеп, сай мен жыраның арасын сүзіп жүргені. Заманға бейімделу шығар, бірақ, атқа мінген ар қазаққа рух пайда болады. Екіншіден, ат үстінде барлық дене мүшесі қозғалып, қан айналым жақсарайды. Денсаулыққа деген пайдасын мінгенде байқайсың, – дейді Дәулет Ибрагимов.

Ғылым кандидатының айтуынша, атқа міну – кәдімгі массаж.

Қан айналымы жақсарып, жүрек ауруларына жол бермейді. Түз жиналмайды, өйткені ат үстінде адам түрлі тербелісте, барлық буын қозғалыста болары анық. Ғылымда жылқымен емдейтін тәсіл бар. Иппотерапия деп аталады. Жұлынға зақым келіп, бастан жарақат алғандар, мінез-құлық өзгерісіне ұшырағандарға керек ем-дом. Дұрысы, жүйке ауруларын қалыпқа келтіруді жылқының жөні бөлек. Әсіресе, түбегі тірек қозғалысы қиындық тудырған кішкентайларды ат үстінде емдеу жақсы нәтиже беріп жүргенге ұқсайды. Бабалардың ат үстінде шымыр болатынын ежелден болжап кеткенін осыдан-ақ біле беріңіз.

– Простатит, геморрой сияқты аурумен бұрынғылар ауырды ма? Жоқ. Өйткені, ат үстінде желіс не шабыс тақымға ұдайы массаж жасайды. Меніңше, балаларды виртуалды әлемнен, мына ұялы телефондағы ойындардан алшақтатуды өзіміз бас-тау керекпіз. Атқа мініп, үлгі көрсетсек, балаң да соның айналасында болары анық. Жер-жерде атқа мінгізетін орындар,

шағын ипподромдар болса ғой. Өзі қазақ болса, ол адам атқа қызықпай тұрмас. Онсыз да түрлі ойын-сауық орталықтарына баласын сүйреп жүргендер көп қой. Атқа мінуге неге апармасқа?! – дейді Дәулет аға.

Жылқыны жеу үшін ғана...

Осы тақырыппен кей-кейде елдегі ағалармен де тілдесіп қаламыз. Бәрі де «атқа мінудің» артықшылығын жыр етеді.

– Бұл жөнінде менің ауылға өкпем бар, – дейді ауылдас ағам Жантөре Әбдірейімов. – Сен айтқандай, жылқысы барлар қазір атқа мінбейді. Сыры бар сиыр саумайды. Мысалы, ауылдағы танысымның алты бұзауы енесін еміп жүр. Әйелі түске дейін ұйықтайды, тұрған соң Үкіметтің «Моё» сүтін ішеді. Бардың қадірін білмейміз. Бір жағынан, бұл – ауылға жеткен интернеттің, асфальттің, бір-бір жеңіл көліктің нәтижесі. Өрістегі малды қарау керек болса, жылқыдан бұрын ауылдап тұрған машина бар. Жылқыны жеу үшін ұстайды. Оның тақымға сіңетін ашы терінің қасиетін, әсіресе, белсіздікке ем екенін білмейді. Жылқының иісі тыныс жолдарына шипа болады. Асауды бас білдіру балаға өжеттік, қайсарлық өз күшіне сенім артатынын түсінбейді. Аттың арқасында жел бар екенін, оған мінген адам аруақтанып отыратынын, шапқанда пырылдаған танауынан шыққан дыбыс шабыт беретінін ұмыттық. Ал сүті, қымызын айтпай-ақ қояйын. Айта берсе, көп. Жылқы қадірін білетін ауыл азаматтары азыайып барады...

Жерлес ағайдың сөзінде ашы шындық жатыр. Дұрыс. Барлық жағынан да, өзімізге байланысты. Сондай-ақ, екінші ойлайтын жағы да бар. Ол – тұрмыстық кедергі. Бұрынғы қазақы жылқы мінгендердің ішінде жағдайы бар жігіттер шет елден асылтұқымды аттың түрін әкеліп жүр. Жергілікті жылқы мініске жарағанмен, бәйгеге шаппай тұр. Делебе қоздырар тұлпарлар тыс сирек болғаннан да шығар, атқа құмартқан аз.

Ал өзіміздікін тек сойысқа қана ұстайды. Тағы бір айта кететін нәрсе, қолға ат ұстап, мінгізіп келгенмен, оның жағдайын жасаудың өзі қиындау. Үш жылқыны қорада ұстап көріңіз. Жем-шөптің бағасы аспандап тұр.

Қорыта айтқанда, құла қасқа мен күрең төбел болсын, теңбіл көк пен шұбар ат болсын, қай жылқының да пайдасы зорын тәптіштеп жатырмыз-ау. Бірақ айтуын айтқанмен, іске асыру да – бір ерлік. Жылқы жайын ұққандар жалына жармасуды да азайтпаса екен. Ынтыла топтар атқа мінгізуге арнайы жоба ойлап тапса, қанекей?! Мұндайда анық «бәрекемді» дейсіз. Атқа міну де, мінгізу де бізге ғана жарасады емес пе?!

Айтпақшы, Сыр бойындағы шұрқыраған жылқы санын нақты көрсете кетуді жөн көрдік. Қараңыз. 163700 бас. Бұл да сенімсіздеу. Әйтпесе, бір ауылдық округте 200 бас жылқы деп көрсетілсе, сол ауылда кейбіріннің 500-600 бас жылқысы бар. Ал сондағы жылқыны ағайынның малы бұл есепке неге кірмей қалған деп сізбен бірге мен де күмәнданып жүрмін...

Дарынсыз бала болмайды

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Гуманитарлық-педагогикалық институтының профессор-оқытушылары мамандыққа сай білім берумен бірге студентті заманауи қарай икемдеп, өз уақытының озық өнегесін санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамытуды бүгінгі күннің басты талабы деп біледі. Білім беру ісі патриотизм, адамгершілік, толеранттылық, рухани даму сияқты құндылықтармен бірге жүрсе, оң нәтиже көрсететіні анық.

Студенттердің дарынын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай ғылыми ізденіс қабілетін қалыптастырудың арқасында «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенті Ибрагим Азамат Ресейдің Санкт-Петербургінде өткен «Права человека нашими глазами» тақырыбында халықаралық видеороликтер байқауына қатысып, 1475 жұмыстың ішінде оның «Ар-ождан және дін бостандығы» атты туындысы Гран-приді жеңіп алды.

Самара мемлекеттік әлеуметтік-педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткен А.Пушкин шығармашылығына арналған халықаралық «Поэтикалық марафон» байқауында «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті Нұрлығұл Оразбаева 1-орынды иеленсе, Г.Айдарханова, Д.Гейдарова, А.Еламан, Қ.Болатқызы жүлделі 2 және 3-орындардан көрінді. Осы мамандықтың 3-курс студенті Э.Жарболова ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Үздік ғылыми жоба авторы» атты республикалық ғылыми жобалар және «Тәуелсіз елдің көбасшысы» атты республикалық байқауында 1-орынды жеңіп алды.

Сыр өңіріндегі тарихи құндылығы жоғары жәдігерлер мен ескерткіштерді зерттеп жүрген ғалым, «Археология және этнология» мамандығының оқытушысы Ә.Тәжеевтің жетекшілігімен білім алушылар Ғ.Есімхан, Қ.Сматова республикалық XIII пәндік олимпиадада 1-орынды иеленгендіктен, келесі оқу жылында осы бәсі биік сайыс біздің университетіміз базасында өтеді. Осыған дейін «Қазақ тілі мен әдебиеті, журналистика» мамандықтары бойынша республикалық пән олимпиадасын өткізгенбіз. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Археология және этнология, музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша VI халықаралық студенттік пәндік олимпиадада Ә.Білібай 3-орын алды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті Г.Дүісенбаева «Жылдың үздік студенті» атанса, 3-курс студенті Н.Елдес халықаралық қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен қашықтан өткен олимпиадада

3-орын, осы пән бойынша студенттер арасындағы онлайн турнирдің 1-орнын жеңіп алды. С.Демірель атындағы университеттің ұйымдастыруымен «Ұлы Абай мұрасы» атты республикалық ғылыми семинарда магистранттар С.Нұрланова 2-орынды, А.Баймұханова 3-орынды иеленді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының білім алушылары да ғалым А.Айтбаева жетекшілік ететін Ә.Қоңыратбаев үйірмесінің ұйымдастыруымен танымдық шараларға белсене қатысып, әдеби шығармалар талдап, ғылыми конференцияларда баяндама оқып жүр. «Журналистика» мамандығының 2-курс студенті Н.Серікбай «Журналистика негіздері» атты II республикалық байқауының 1-орнын иемденді. Жақында осы мамандықтың 1-курсанда оқитын талантты студенттің бірі Бақытбай Жамбыл Павлодар қаласында өткен Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық айтыста және Сырдария ауданындағы Кудерқожа Көшекұлының 200 жылдығына арналған «Жүріктер өткен Күдері» облыстық онлайн жазба ақындар мүшәйрасында I орын иегері атанды.

Болашақ журналистердің қызығушылығы мен оқырман ретіндегі сауаттылығын дамыту, сондай-ақ мәдени және ақпараттық біліктілігін көтеру, тіл байлығын арттыра отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыруға, ой-өрісін кеңейтіп, көркем сөйлеп, пікірін дәл айтып жеткізуге ықпал ететін «Журналист» үйірмесі бар. Осы үйірме аясында республикалық, өңірге тән импал тұлғалармен кездесу, семинар-тренингтер жүйелі ұйымдастырылып тұрады. Мамандыққа деген дағдысын қалыптастыру үшін жабдықталған телестудияда «Ой перне», «Тұлға» атты айдар аясында болашақ журналистердің туындылары әлеуметтік желілерде жарықтатып, оқырмалық ақпарат құралдарында жарыққа көп жеті.

Біз талантты да белсенді, білімді де ойлы, өнерлі жастарды толық қолдау арқылы оқу орнынның брендін айналатын тұлға тәрбиелейміз. Қоғамның әлеуметтік дамуына үлес қосамыз. Білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы талай көкжөңкестерге құлаш сермейтініміз, ғылым, экономика мен мәдениетті дамыта алатындығымыз да ақиқат. Студенттердің өз саласының сауатты маманы болуымен қатар, өнерде, ғылымда жетістікке жетуін ықпал ету, қоғамның белсенді азаматына барынша қолдау көрсету – бұл біздің стратегиямыз.

Сағат ТАЙМАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2021 жылдың 7 мамыр күні сағат 11.00-де мына мекенжайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33.

Күн тәртібінен:

1. Серіктестіктің қатысушысы «Жалмурзаева» ЖҚ басшысы А.Жалмурзаеваның қайтыс болуына байланысты жарғылық қордағы 1 млн теңге үлесін азайтып, мерзімі өтіп кеткен несие қарыздарын жабуға жіберіп, серіктестіктің қатысушы қатарынан шығару туралы.

2. Серіктестіктің қатысушыларлары үлестерін сату, шығару және азайту, көбейту, жаңадан қабылдау, несие лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және серіктестіктің 15.03.2021 жылы өткізілген басқарма жиналысы қорытындысымен бекітілген мәселелерді жалпы жиналыста қайта бекітуді, осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шарына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы.

3. «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ-дан 20.04.2046 жылға дейін ашылған

несие желісін ұлғайту, бекіту, кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімсіз сату және акцепсіз шығару құқығына келісім беру.

4. Серіктестіктің 2020 жылғы қаржы есебіне тәуелсіз аудитордың қорытындысымен ревизорының тексеру жорығына есебін талқылау, бекіту туралы.

5. Серіктестіктің 2020 жылғы бюджеттің орындалуын және атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.

6. «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын бекіту.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 5 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)



● СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қайырбай Зәкіров:

«Баланы ең алдымен түстер тәрбиелейді»

Өнерде ең қызығы – суреткер тұлғасы. Егер ол шынайы болса, бойындағы кемшіліктің қандай да кешірімді. Тіпті, қарапайым адам үшін өнер кеңістігінде суреткер тұлғасынан басқа сөз ететін нәрсе де жоқ. Сондықтан Қайырбай Зәкіровпен сұхбаттасудың орайы келгенде, оның тұлғасын ашып көрсете алатын «өнер рухы» деген бір ғана ұғым аясында әңгіме өрбітуге келістік. Өңір жұртшылығына таныстырып жатуды қажет етпейтін, жұмбақ көрініске толы 150-ден астам картиналар сериясын өмірге әкелген суретшінің ерекше ойларына қанықтық.



– Қайырбай аға, кескіндеменің қай түрі қазіргі заманың рухын дәл бейнелейді? – Біріншіден, сурет – тілсіз өнер. Ал оның әдейі мәңсіз, мазмұнсыз етіп айтылған бүгінгінің тілімен ара қатынасы қаншалық екенін білмеймін. Қазір сурет салудың өзін шоуға айналдыра бастады ғой. Бұл – артистизм. Қандай да бір идеяны, ойды жеткізуге деген талпыныссыз, тек кеңістікті толтыру мақсатымен ғана жасалған нәрсе. Мандай тері бетін жуып, мидың сұйығын кенепке құйып отырып салмаған соң оңдан жанды дүниесі шықпайды.

– Мүмкін жастардың, кейінгі буынның рухани қажеттілігі сол шығар?

– Өнерді буынға бөлуге болмайды. Тоқсаннан асқан шағында әйгілі Пикассоға да осындай сұрақ қойғанда, «Жастар деген мына мен» деп жауап беріпті. Жас деген бойындағы өнері сарқылмаған, әлі де болса берері бар, жемісті еңбек етіп жүрген жан дегені болса керек. Бір жерде барлығы шоуға, терең түсініктен ада жеңіл бағытқа бет бұрып жатыр деген сөз емес. Түптеп келгенде, уақыт өте қоғам өз нормативін бәрібір жасап алады ғой. Бірақ сол бағытқа бетбұрыс байқалатын сияқты.

– Дегенмен, концептуалды өнер деген бар емес пе? Оның шоумен екеуінің ара жігін аша білу де керек шығар?

– Әрине. Бұл ретте өнерді салалап бөлмей, өнер деп ғана қараған жөн. Бір ғана мысал айтайын. Бұрынырақта көне қала Жанкентте симпозиум өткіздік. Бүкіл түркі дүниесінің тарихында маңызы зор, ертеде тіпті Үнді мен Иранға алғын-шығын арқалатып, саялық төлеткен көне шаһарымыз. Симпозиумда қайтсек те Жанкент тарихына жұрт назарын аудартқымыз келді. Ол үшін арнайы ақ киім дайындап, ескі қаланың орнында қурайды үйіп от жағып, отты айнала аруақ бейнесінде би билеп, қобыз тарттық. Осылайша бағзының рухын оятқымыз келді. Бұл перформанс

шымыкенттік суретші Молдағұл Нарымбетовтың идеясы еді. Айтамын дегенім, мысалы, перформанс сіз айтқан концептуалды өнердің бір түрі ғой. Оған арнайы сахна, алаң қажет емес. Әлденеге назар аударту, көрген адамның есінен кетпестей ету ғана.

– Сіздің Жанкентті жыр қылып айтатыныңызды білеміз. «Ежелгі Жент қаласы туралы фрагменттер» аталатын циклыңыз бар. Жалпы сериялы туындыларыңыздың барлығы біртұтас шығарманың тараулары сияқты көрінеді. Шынында да солай ма?

– Солай деуге де болатын шығар. Негізгі сериялы туындыларымыздың орны бөлек. 2013 жылы «Оғызнама» циклы ТҰРКСОЙ сыйлығын жеңіп алды. Көңілім қатты өсті. Мақсат көне заманнан бүгінге дейін, айталық, Тұмар әкемізден кешегі Бегім анаға дейін, бағзы бабалардан кешегі Жанқожа, Есет батырларға дейінгі тұлғалар бейнесінен тұтас цикл жасау еді. Әлі соның аясынан алыс кеткен жоқпын.

– Тарихи тұлғалар каталогын жасау не үшін керек?

– Рухың күшті болуы үшін тегінді білуің маңызды. Бұтақтың бүршік жаруын, желек шашып, жапырақ жайғанын қаласақ, терең тамырдың ұшына дейін баруымыз, алдымен соны ойлауымыз керек. Осығыз өзіміз де өспейміз, өнер де пәс болмақ.

– Осы жерде бір қызық құбылыс еске түседі. Сурет өнерінің елімізде алғаш болып біздің өңірімізде өркен жайғанына не түрткі болды?

– Әуелде Суретшілер одағының филиалдары Алматы, Шымкент, Қызылорда, Семей қалаларында ғана болған. Оған еліміздегі алғашқы көрме де Қызылордада өткенін қосыңыз. Неге өзге индустриялы қалаларда мұндай болмады? Себебі Сырда мықты өнер ортасы бар еді. Айталық, көп корейлер Владивостоктан депортацияланып, осы Сыр бойына келген. Бәрі маман. Солардың ішінде Ким Хен Юн, Ли Мен Су сияқты суретшілер болды. Уақытында, тарпаң бұ-

зау шеріден де тайсалмайды деген сияқты, жете ұғынбаппыз. Аса мән бермеппіз. Кейін өнер құрылымын терең түсінген соң ғана мықтылығын мойындадық қой...

– Солардың арқасында Суретшілер одағының филиалы ашылды ма?

– Филиал ашу үшін кемінде үш адам КСРО Суретшілер одағына мүше болуы керек-тің. 60-жылдары бізде одаққа мүше Ким Хен Юн ғана екен. Бірақ беделі өте зор болса керек. Сол себептен ашып берген. Солар бізге көп көмектесті, ықпал етті ғой. Содан өз туындыларыңдағы тосын шешім, тың үрдісіден елең еткізген Салихитдин Айтбаев, Сахи Романов, Мақым Қисамединов сынды біздің мықты ағаларымыздың көбі осы Сыр бойынан шықты.

– Олардың жаңашылдығы неде еді?

– Ол кездері барлығы Батыстағы кубизм, сюрреализм сияқты ағымдарға шошына қарайтын. Ал оларда еркіндік басым болды. Әлемдік өркениеттің озық үлгілері деңгейінде ойлауға үндеді. Осылайша жаңа үрдіске жол ашты. Салихитдин Айтбаев, Жалтабай Табылдиев – Сыр бойынан барып, Алматыда оқып, сол жақта жұмыс істеп қалғандар. Олардың буынында Бақтияр Табиев, Тоқболат Тоғызбаев бар. Бұлар енді гиганттар. Алпысыншы жылғылар дейміз. Солардың уақыты – үлкен серпіліс болып, өнердің рухы көтерілген кезең.

– Мұндай серпіліске не түрткі болды?

– Бұлардың ерекшелігі, ақын, суретші, жазушы бөлек жүрмей, бір ортаға айналды. Осы жағдайда өнер жақсы дамиды екен. Сондай құбылыс XIX ғасырдың соңы мен өткен ғасырдың басында Парижде болды. Бүкіл әлемнің суретшілері сонда жиналып, өнердің шекарасын кеңейтті. Өте күрделі, өз уақытынан шығандап озған оларды жұртқа түсіндіруге Аполлинер, Блез Сандрар, Малларме сияқты ақындар, музыкада Вагнер, мүсін өнерінде Ренуар сияқтылар

үлкен еңбек сіңірді. Бізде орын алған жағдай да соған өте ұқсас. Сабыр Мамбеев данышпан адам. Алматыда бір көрмеде «Қызылорда шағын Париж ғой» деген екен. Ертеректе Мәскеудегі бір симпозиумға барғанымда дағыстандықтар, грузиндер, басқа елден келгендер маған Айтбаевпен таныстыршы деп қоймайтын. Өзімізге қарапайым көрінетін ағаларымыздың атағы аспандап тұрғанын көргенмін. Өйткені өнерде көкірек жоқ. Жасқа қарамай араласа береді. Сол өнердің өсуіне кеңістік ашты.

– Сонда өнер рухы еркіндікке ғана емес, синтездік ностарға да байланысты ма?

– Ақиқаты сол. Өнер – тұтас нәрсе. Мен өз жұмыстарымның да қай жері өлең, қай жері сурет екенін білмеймін. Мұндай синтез пайда болуы үшін барлығын бір жерге жинау да қажет емес. Орта жан дүниесі қажет еткен соң ғана бас біріктіргендерден құрылады.

– Маған осындай түрлі ағыстардан құралған бірден-бір өнер иесі Әділ Ботпанов сияқты көрінеді...

– Әділ – айналдасында болып жатқан психикалық деформацияны жан жүйесімен сезінгендердің бірі. Суретке қатты қызықты. Шеберхана ма іздеп келіп тұратын. Терең сөздер айтатын. Ешқандай қалыпқа сыймай жүрді ғой.

– Өнерді тағдыр жасайды ма?

– Мүмкін. Менің досым, зергер-ұста Дәркенбай Шоқпаров өлең жазатын. Алматыға, үйіне барсам әжесінен қалған көне сандығын ашатын. Іші толған қолжазба. Өлеңдер. Барлығы жайына қалып, жазғанын маған оқып беретін. Кейін сол өлеңдеріне ақын Қанипа Бұғыбаева өте жоғары баға берді. Мен Қомшекен – Қомшабай Сүйеніш ағамызға көрсеттім. Ағамыз да жоғары бағалап, алғысөз де жазып берді. Аманжол Оңғарбаевтың демеушілігімен «Ай алқа» деген атпен жинақ етіп басып шығардық. Айтамын дегенім, уақытында Дәркенбай сол жазғандарын қазақтың бір үлкен ақынына көрсеткен

ғой. Сөйтсе, «Дәркенбай, сен өлеңді қойсаңшы» депті. Солай айтуға бола ма адамға? Ол өзінің ішкі дертін жазды. Жазбасына қоймады. Абайдай ақын болып кетем деген жоқ. Біз мынаны түсінуіміз керек. Өнерге үлкен сахнада ән айтып тұрған әнші мен өз үйінде ыңылдап ән салған қарапайым адамның жақы бірдей.

– Сурет өнері де осы қағидаға бағына ма?

– Әлбетте. Байқасаңыз, біздің әжелеріміздің салған өрнектері нағыз өнер. Орыстар беспредметное искусство дейді ғой. Шынында да солай. Нақты ештеңені бейнелемейді. Бірақ нағыз абстракционизм. Бояудың құдіретін қазақтай терең ұғынған ел кемде-кем. Шеті-шегі жоқ иен даладан киіз үйге аттап кірсеңіз, көз қарықтырар көп түске тап боласыз. Халқымыз, өмірге көз ашқанда баланы, ең алдымен, түстер тәрбиелейтінін түсінген ғой. Содан кейін, есін біле бастаған соң ғана сөз тәрбиелейді. Тіпті, баланың салғанындай сурет салу ең ұлы суретшілердің көбінің қолынан келмеген. Бұл – нағыз ақырет. Өйткені баланың санасында ересек адамда қалыптасқан шектеулер жоқ. Қиялы шексіз. Бұл бағыт өнерде дадаизм аталады. Оны Пикассо, Матис сияқты суретшілер ғана өз деңгейінде алып шыққан.

– Өнерге енді көз ашып, өз кеңістігін жасауға талап қылған жастарға қандай кеңес бересіз?

– Бір көне тәмсіл бар. Біреу тордағы қарғаға тапжылмай қарап отырған адамды көріпті. Әрі-бері өткен сайын қарайды, әлгі адам тапжылмай, қарғадан көз алмай тұра береді екен. Барып, мәнісін сұраса, «Қарғалар үш жүз жыл жасай дейді, сол сөздің рас-өтірігін білу үшін қарап отырмын» деп жауап беріпті әлгі адам. Оны білуге бір адамның ғұмыры жетпесін түсінбегені ғой. Сол сияқты бойдағы талантын қор қылмаса деймін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

● ҚҰРМЕТ

Есімі есте қалар ел жақсысы

Ел үшін, ұрпақ үшін ауыр арқалап, азап кешкен аталарымыздың есімі ешқашан ұмытылмауы тиіс. Олардың өнегелі өмір жолы – кейінгілер үшін жарық шашып тұратын шамшырақ. Рухани жаңғыру идеясының өткенінді қадірле, өзінді таны деуі осы тұрғыдағы тәрбиені мегзейді.



Сондай құрмет пен ардақтауға лайық есімдердің бірі – соғыс және еңбек ардагері Сақып Оңғарбайұлына Қызылорда қаласынан көше аты берілді.

С.Оңғарбайұлы 1917 жылы қазіргі Арал ауданы Ақбасты ауылында өмірге келген. 1937-1938 жылдары Кеңес армиясы қатарына алынып, Фин соғысында атты әскер құрамында болған. Оған соң Отан соғысына аттанып, реактивті артиллерия атқышы ретінде майданға кірген. Халық аузында «Қатюша» деп аталатын соғыс техникасын меңгерген қазақтардың бірі.

Майдан даласындағы жанқиярлық ерліктері бағаланып, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдармен марапатталған.

Соғыстан соң С.Оңғарбайұлы атакәсіп – балықшылықпен айналысып, балық қабылдау пунктінің бастығы болған. Бейбіт күннің бейнетін бешеден кешіп, ұлағатты ұрпақ өсірген ардақты ата – 1988 жылы Қызылорда қаласына көшіп келіп, енді ғана ашылған Панфилов түйіғы бойына тұрғын үй қазығын қаққан алғашқы тұрғындардың бірі.

Аштықты да, қуғын-сүргінді де, соғысты да басынан өткізіп, елдің еңсесін тіктеуге өмірін арнаған ерен тұлға есіміне берілген көшенің өткен сенбі күні ашылу рәсімі өтті.

Шараны ашқан облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов ардагердің өмір жолына, оның ісі мен есімін ұрпақ жадында қалдырудың тәрбиелік мәніне тоқталды. Мұнан соң Қызылорда қаласының құрметті азаматы, еңбек ардагері Б.Өтегенов, еңбек ардагері, көше тұрғыны М.Төлеев сөз сөйлеп, С.Оңғарбайұлының азаматтық бейнесін еске түсірді.

Қорытынды сөз алған ардагердің інісі, Қызылорда қаласының және Арал ауданының құрметті азаматы И.Оңғарбаев барша ақ тілеулі ағайынға, әсіресе көше атын беруге тікелей ықпал еткен қала басшылығына, ономас-тикалық комиссияға алғыс білдіріп, көше тұрғындарына құтты болсын айтты.

Шара қонақтары мен тұрғындар көшенің салтанатты ашылу сәтінде оның алқызын желегіні қиып, тал көшеттерін отырғызды.

Сонынан ардагердің ұрпақтары әке рухына бағыштап ас берді.

«СБ» ақпарат



SERGEK

«Қайсар» «Тұранмен» тең түсті

Футболдан Премьер-лига командалары арасындағы Қазақстан біріншілігінің 3-турында «Қайсар» сырт алаңда «Тұранмен» кездесті.

Түркістан қаласындағы стадионда өткен ойында командалар бір-бірімен тайталасқа түсті. Ойын соңына таблодағы есеп өзгеріссіз тұрған еді. Тоқсан минут түгесілген тұста алаң иелері сапынан Темірлан Әміров мергендік танытты. Арада екі минут өткенде қызылордалық жартылай қорғаушы Арман Кеңесов «Тұран» қақпасына А.Пасеченконы қапы қалдырып, таразы басын теңестіріп кетті.

Осылайша кездесу барысында 1:1 есебі тіркелді. Қызылордалық клуб жаңа маусымдағы алғашқы ұпайына қол жеткізді. Енді «Қайсар» 9 сәуірде өз алаңында Ақтаудың «Каспий» қабылдайды.

Естеріңізге сала кетелік, қазақстандық командалар ұлттық құраманың іріктеу сатысындағы ойындарына байланысты аздаған үзіліс алған болатын.

Тұрсынбай Құлахметтің кезекті жеңісі

Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында кәсіпқой бокс кеші өтті. Онда қазақстандық боксшы Тұрсынбай Құлахмет (2-0, 1 КО) WBC International чемпионының белбеуін сәтті қорғады. Ол венесуэлалық Эбер Рондонмен титулды жеке-жеке өткізген болатын.

Алғашқыда айқас 10 раундқа созылады деп жоспарланды. Дегенмен, қазақстандық боксшы әбжілдік танытты. Ол қарсыласын нокаутқа жіберді. Оның алдында ғана Эбер Рондон бір мәрте нокаудан алған еді. Қазақстандық боксшы небәрі 70 секундта жеңіске жетті.

Осылайша Тұрсынбай Құлахмет кәсіпқой бокс мансабындағы екінші жеңісіне қол жеткізді. Ал Рондон үшін бұл – спорт жолындағы ең алғашқы жеңіліс.

Айта кетейік, Тұрсынбай Құлахмет өткен жылдың қарашасында британдық боксшы Маколей Макгоуэнді жеңіп, WBC белбеуіне қол жеткізді.

«СБ» ақпарат

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, буын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белең ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындауымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семнуіне әкеледі.

Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екендігін үйі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінісіңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тіндерін қалпына келтіріп, қабыну процестерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрорезерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрорезерв» буындардағы қолжысыздықты және ауырсынуды жоюды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал – синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің иілгіштігін және көлемін қалыпқа түсіреді. «Артрорезерв» ағзаның сүйек-

бұлшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлшықет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағаннан кейін, буындардың қозғалыстығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрорезерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданды.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны тандап бере алады. Орталығымыз инновациялық, еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық қураушылар кірмейді. Мәлішері және қалыңдығы: қабылдау уақыты 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке қураушылардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емзү.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДІ АРТРОРЕЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



ББК, дәрілік өнім болып табылады
СІР № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18. 20.09.2018 ж.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрорезервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 92 55 424 немесе artroreserve.kz сайты арқылы.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.